Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы




№38 (9925)
13 мамыр
сенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

**Үкімет**

## Орта бизнес мемлекеттің қозғаушы күшіне айналуы тиіс

**Премьер-министр Әлихан Смайыловтың орта бизнес өкілдерімен өткізген кездесуінде өңдеу өнеркәсібін дамытуға қатысты кең ауқымды мәселелер қаралды. Жиынға Астана, Алматы және Шымкент қалаларының кәсіпкерлері, «Атамекен» ҰКП, сондай-ақ министрлер, қала әкімдерінің орынбасарлары мен кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға және мемлекеттік қолдауға жауапты квазимемлекеттік сектор басшылары қатысты.**

Наурызда VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы елімізге экономиканы дамыту жолында өздеріне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет екенін атап өтті.

– Орта бизнестен зор үміт күтіп отырмыз. Ол бәсекеге қабілетті өнім шығаратын және кең ауқымды қызмет көрсететін өңдеуші сектордың қозғаушы күшіне әрі драйверіне айналуы тиіс, – деді Әлихан Смайылов.

Кездесу барысында қатысушылар қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, өнім көлемін ұлғайту, импортты алмастыру және жаңа өндіріс орындарын дамыту, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру, мемлекеттік сатып алу, салық салу, сертификаттау, индустриялық аймақтар мен индустриялық парктерді дамыту, инновацияларды енгізу, экспорт, жұмыс орындарын құру, кадр даярлау және тағы басқа мәселелерді талқылады. Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният өзекті мәселелерге тоқталды.

Премьер-министр мемлекеттік органдарға бизнес қауымдастығымен бірге көтерілген барлық мәселелердің шешімін пысықтау үшін тапсырма берілетінін айтты. Ол әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, орта бизнес үнемі өзгеріп отыратын нарықтық жағдайларға тез бейімделетінін атап өтті. Бұл оны өз кезегінде экономикалық дамудың аса маңызды бағдарына айналдырады. Сол себепті дамыған елдер шағын кәсіпорындарды әлемдік нарықтағы позициясын кеңейтіп, нығайтуға белсенді түрде ынталандырып отырады.

Үкімет басшысы жүктемені азайтып, салықтық әкімшілендіру рәсімдерін жеңілдетуді көздейтін жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын айтты. Сонымен қатар кәсіпкерлердің құқықтарын одан әрі қорғау мақсатында «таза парақтан» реттеу нормасы енгізілуде. Оның аясында бизнеске қойылатын 10 мың негізсіз талап алынып тасталады және мемлекеттік бақылаудың барлық бағыты бойынша рәсімдер автоматтандырылады.

Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, мемлекеттік ресурстар мен инфрақұрылымға қолжетімділікті жеңілдету мақсатында мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің жаңа моделі әзірленгенін айтты. Жергілікті деңгейде жер телімдерін бөлу, инфрақұрылым және әкімдіктердің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша да қолдау көрсету жалғаса береді.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

**Өңір өнімі**

## Наубайхана өніміне сұраныс жоғары







**НАН – АДАМЗАТТЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ОЛ МОЛШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТТЫҢ БЕЛГІСІ. ДАСТАРХАНЫМЫЗДА АС АТАСЫ МОЛ БОЛҒАН САЙЫН ЕЛІМІЗДІҢ БЕРЕКЕСІ ТАСЫП, ЫРЫСЫ МОЛАЯТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ЖАЛПЫ, ЖАЛАҒАШТА НАУБАЙХАНАЛАР САУСАҚПЕН САНАРЛЫҚ, АУДАН ХАЛҚЫН ТОЛЫҚТАЙ НАНМЕН ҚАМТУҒА ЖЕТПЕЙДІ. СОЛ СЕБЕПТІ КӨРШІ АУЫЛДЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІ КЕЛІП, ӨНІМДЕРІН ӨТКІЗІП ЖАТАДЫ. ДЕСЕ ДЕ ЖАЛАҒАШТЫҚТАРДЫ ЫСТЫҚ НАНЫМЕН ТОЙДЫРЫП, АУДАН ХАЛҚЫНЫҢ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНІП ЖҮРГЕН КӘСІПКЕР АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ЕҢБЕГІН ЕЛЕМЕУГЕ БОЛМАЙДЫ.**

Кент тұрғыны Зәуреш Мыңжасарова – наубайхана жұмысын дөңгелентіп, халықты тәтті тоқаш, ыстық нанмен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкерлердің бірі. Кәсіпкер наубайхана ашуды көптен бері жоспарлап жүрген. Ана болғандықтан өз үйінде балаларына, немерелеріне нан, тәтті тоқаш пісіруді әуел бастан әдетке айналдырыпты. Сондықтан болар, наубайхана ашылғанда кәсіпкерге нан пісіру таңсық жұмыс болмаған.

Наубайхана кент орталығында, халық көп шоғырланған аумақта ашылған. Жан-жағында әртүрлі жұмыс орындары мен бизнес орталықтары орналасқан. Иә, наубайханадағы тәбетіңді ашатын ыстық нанның иісін сезінбеген жалағаштық жоқ шығар. Міне, береке деген осы емес пе?!

Тәбетіңді ашатын нан иісінің ізімен біз де наубайханаға ат басын бұрдық. Әрине мақсатымыз наубайхана жұмысымен танысу, ел аузындағы дәмді нанның құпиясын білу болды. Наубайханаға жақындай бергенде әріптесім Ерлан Созақбаев «Ыстық нанға ешқандай ас жетпейді ғой» деген сөзі кәсіп жұмысымен танысуға деген тәбетімізді одан сайын ашып жіберді.

Наубайхана ішінде қызу жұмыс. Бір кісі қамыр илеп жатса, екіншісі дайын қамырды қалыпқа салып, пешке орналастырып әлек. Кәсіп иесі де білегін түріп, қамыр илеуге кірісіп кетіпті. «Ененің тәрбиесін көрген бізге қамыр илеу деген пұл емес қой» деп әзілдейді Зәуреш апай.

– Шүкір, кәсіп тоқтап қалмай, жұмысын істеп тұр. Бұл істі осыдан 2 жыл бұрын бастадым. Балам Жанарбектің қаржылай көмегінің арқасында қажетті құрал-жабдықтарды сатып алдық. Жалпы, кәсіпті ашуға баламның көп еңбегі сіңді. Қазір жаман емес, өнімімізді кенттегі дүкендерге, сондай-ақ Мәдениет, Ақсу, М.Шәменов ауылдарына өткіземіз. Күніне 5-6 қап ұн жаратамыз. Наннан бөлек тәтті тоқаш та пісіреміз. Бәрі кешке дейін сатылып кетеді, кейде тапсырыстан бөлек нанымыз жетпей қалып жатса, тұрғындар ренішін айтады. Әрине бұл біздің көңілімізді түсірмейді. Сүйген ісіңнен нәтиже көріп жатсаң, содан артық қуаныш бар ма, – дейді Зәуреш Мыңжасарова.

Кәсіпкер ұнды аудан орталығындағы «Ақниет» сауда орталығынан төмен бағамен алады. Нан пісіруге қажетті қоспалардан да тапшылық жоқ көрінеді. Сондай-ақ ауданның 2 тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Наубайхана санитарлық талаптарға толықтай сай. Себебі Зәуреш апай таңертең ерте келіп, ғимаратты бір тазалап алса, кешке тағы мәрте құрал-жабдықтарды жуып реттестіреді екен.

– Тәтті өнімдер пісіру өзіме ұнайды. Уақытымның көп бөлігін асханада өткіземін. Бүгінде біразын үйреніп алдым. Тұтынушылар нанымызды мақтап жатады, қуанып қаламын. Жалақым жақсы, ең бастысы, тұрақты, – дейді наубайхана қызметкері Бақыт Орынбай.

Ерекше айта кететін жайт, кейіпкеріміз өңіріміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, жетім-жесірлерге көмек беріп, өзінің адамгершілік қасиетін, мейірімділігін айқын көрсетіп жүр. Ауданымыздың қолы ашық азаматтары Зәуреш апайдан нанды төмен бағада сатып алып, ауыл-ауылды аралап, халыққа тегін таратады. «Жағдайы төмен, қиын жағдайға тап болған кісілерге көмектесу – мұсылман үмбетінің борышы» деген Зәуреш Мыңжасарова өткен жылы Мекке қаласына қажылыққа барып келгенін сөзге тиек еті. Кәсіптен бөлек отбасында аяулы ана, ардақты әже Зәуреш апайымыз бүгінде 6 баласынан 15 немере сүйіп, тәрбиелеп отыр.

Алдағы уақытта кәсіпкердің жоспары көп. Мемлекеттен қосымша қаржылай қолдау тауып жатса, наубайхананы кеңейткісі келеді.

Айтпақшы, тәтті нанның, аңқыған иістің де құпиясын біліп алдық. Зәуреш апай нанға ешқандай артық қоспа қоспайды екен, осылайша сүйіспеншілікпен жасалған дүниенің жаман болмайтынына тағы бір мәрте көзіміз жетті.

**Жандос ЖАЗКЕН**

**Бәрекелді!**





## Жамбылдан жеткен жағымды жаңалық

**МАМЫР АЙЫНЫҢ БАСЫНДА ЖАЛАҒАШҚА ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНАН ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ ЖЕТТІ. ТАЭКВОНДОДАН ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕ АУДАННАН АТТАНҒАН БАРЛЫҚ СПОРТШЫ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛЫП, ОБЛЫС ҚОРЖЫНЫНА 6 АЛТЫН, 4 КҮМІС, 9 ҚОЛА САЛДЫ.**

Жалағашта таэквондо үйірмесі 2009 жылдан бері жұмыс жасайды. Сол уақыттан бері бұл үйірмеге білікті бапкер Мақсат Рахметов жетекшілік етеді. Бұған дейін де тартысты және байрақты бәсекелерде топ жарған М.Болатұлының шәкірттері әлі талай шыңды бағындыратыны сөзсіз.

Бүгінде үйірме құрамында 50-ге жуық бала бар. Оның жиырмадан астамы қаракөз қарындастарымыз екен. Мұнда Мақсат ағамыздан бөлек Олжас Нұрпейісов пен Жасұлан Арықбай балаларды таэквондоға баулиды. Біз нағыз жаттығудың қызған шағында бардық. Мұндағы балалардың қимылы шалт, соған қарап алдағы дүбірлі додаларда да топ жаратынына сенім арттық.

Айта кетейік, осыған дейін Жамбыл облысында 28 сәуір мен 2 мамыр аралығында таэквондодан республикалық турнир өткен болатын. Айтулы жарысқа еліміздің барлық аймағынан бас-аяғы 400-ге жуық спортшы қатысқан. 2010-2011 және 2012-2014 жылдары аралығында туылған жасөспірімдер арасындағы тартысты додада қатысушылар 19 салмақта өзара мықтыны анықтады.

Жарысқа Қызылорда облысынан 19 спортшы аттанған болатын. Бір қызығы, барлығы да осы Мәкеңнің шәкірттері. Яғни түгелдей жалағаштық өрендер. Тұтас бір аймақтың абыройын қорғауға бір ғана ауданның спортшылары іріктеліп шығуы тегін емес шыға, сірә. Абырой болғанда жерлестеріміздің барлығы жеңіспен оралды.

Тартысты бәсекеде ерлер арасында Дінмұхамед Дәуренбекұлы мен Тілеужан Бекмырза аймақ қоржынына алтын салды. Сондай-ақ Медина Қожахмет, Жасмин Болатбекова, Сара Назарбаева мен Жәния Нұржанқызы қыздар арасында қарсылас шақ келтірмеді. Мұнан бөлек Нұрислам Қарымсақов, Арсен Елдарұлы, ал қыздар арасында қаракөз қарындастарымыз Зульфия Өтеген мен Аяназ Сұлтанбек күміс медальды қанағат тұтты. Сондай-ақ Жалағаштан аймақ намысын қорғауға аттанған Санжар Мұратбек, Жантөре Исабек, Ернар Бекберген, Диас Шәки, Бақытбек Қожахмет, Ернар Қазыбекұлы, Әліби Болатбек, Диана Ермекбай, Айзер Шарханқызы қоржынға 9 қола салды.

– Спорт болған соң бірде жеңіс, бірде жеңіліс болып жатады. Оның біріне тоқмейілсіп болмаса енді біріне жігеріңді жасытудың қажеті жоқ. Спортта жеткен жетістікке масайрамаған да дұрыс, бір жағынан жеңілістен сабақ алған да абзал. Осыған дейін де шәкірттерімнің алды Азия біріншіліктерінде, халықаралық додаларда және ел біріншіліктерінде топ жарды. Бірақ біз оған тоқмейілсімейміз, керісінше бұны жетістікті еселеудің алғашқы қадамы деп білеміз. Алда әлі де талай дүбірлі додалар мен тартысты бәсекелер күтіп тұр. Оған да шәкірттерімді қатыстыру жоспарда бар. Бастысы, сенім ақталып жатыр. Балаларым дайындық барысында жиған тәжірибесін жеңіспен ұштастыруда. Еткен еңбек, дайындық барысында төккен тер далаға кеткен жоқ. Шәкірттеріммен мақтанамын. Олардың әлі талай байрақты бәсекелерде топ жаратынына сенімім мол, – дейді Мақсат Болатұлы.

Білікті бапкер шәкірттерімен қалай мақтанса да жарасады. Алайда ол жеткен жетістікпен шектелетін адамның сұрпынан емес сияқты. Сөзі нық, ісі нақ. Балалардың бос уақытын тиімді пайдаланып, олардан болашақ ел намысын қорғайтын әйгілі спортшы қалыптастыруда қарап қалып жатқан жоқ. Мейлінше солардың жарқын болашағына жиған тәжірибесін жұмсап жатқанын анық байқадық.

Бұған дейін Мақсат Рахметовтың шәкірттері Нұрай Жақсылық, Гауһар Сансызбай, Малика Әбдірим Азия біріншілігі мен халықаралық додаларда үздік үштіктен көрінген болатын. Ал кешегі 2-8 мамыр аралығында өткен ел біріншілігіне білікті бапкер 3 баласын үкілеп қосса, оның ішінде Нұрдәулет Серікұлы қоржынға қола салған.

– Спортта баланы жаттықтырудан бөлек тәриелеу де күрделі. Негізінен спортта кейде психология, түсінік маңызды рөл атқарып жатады. Сондықтан біз баланы бетіне жібермейміз, бір жағынан қатал болмаймыз да. Баланың жеткен жетістігін қайталай берсең, ол соған дандайсып кетуі мүмкін, ал қатты қайраймын деп жасытып алуың да ғажап емес. Сондықтан оған спорттың айла-тәсілін меңгерту бір бөлек, ал оны психологиялық кеңес бере отырып, дайындыққа шыңдау өз алдына бөлек әңгіме, – дейді білікті бапкер.

Айтып отырғанының бәрі де рас, шынымен тепе-теңдікті сақтамасаң, баланы спортқа баулығаннан бөлек оны психологиялық дайындау шынында күрделі сияқты. Осы екеуін Мәкеңнің ұштастыра білгенін шәкірттерінің жетістігінен байқау қиын емес. Қай жарысқа барса да оның балалары жүлдесіз қайтпайды. Мұнда білікті бапкердің үлкен еңбегі мен балалардың ізденімпаздығы жатқанын байқадық.

Мамыр айының аяғында көршілес Сырдария ауданында таэквондодан ел біріншілігіне іріктеу ойындары өтеді. Онда аймақтың барлық ауданынан және Қызылорда қаласынан 2012-2013 жылдары туған жасөспірімдер бақ сынайды. Мақсат Болатұлы бұл сайысқа 10 шәкіртін қосуға талап қылып отыр. Бұйыртса, олардың бұл жарыста да топ жаратынына сенім мол. Міне, ауданда аталған спорт түрінің даму қарқыны осындай.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Алтын ұя



# Уақытпен үндескен білім ордасы

**АУДАН ҚОНАҚТАРЫНЫҢ ДӘУІМБАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕГІ МЕКТЕП ҒИМАРАТЫНА КӨЗІ ТҮСІП, КӨҢІЛІ АУЫП ЖАТАДЫ. «БҰЛ ҚАНДАЙ МЕКТЕП, ОСЫНДАЙ ЗӘУЛІМ ҒИМАРАТТА АУЫЛ БАЛАЛАРЫ БІЛІМ АЛА МА?» ДЕГЕН СӨЗДЕР, ӘРИНЕ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ. СЫРТ КЕЛБЕТІН КҮНДЕ КӨРІП ЖҮРГЕН БІЗ ДЕ АТАЛҒАН ЗӘУЛІМ ҒИМАРАТТЫҢ ІШКІ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ ҰЯСЫНА ЖОЛ ТАРТТЫҚ. ЗАМАНАУИ ҒИМАРАТТЫҢ КІРЕБЕРІСІНЕ АЯҚ БАСҚАННАН «БІЗ ОҚУШЫ БОЛҒАНДА МҰНДАЙ ҒИМАРАТ БОЛМАДЫ» ДЕГЕН ІШТЕЙ ҚЫЗҒАНЫШ ПАЙДА БОЛАДЫ. ТҮРКІ ХАЛҚЫНА ОРТАҚ ҒҰЛАМА А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ АҒАРТУШЫЛАРЫ Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ ЖАЗЫЛҒАН КӨРІКТІ ПЛАКАТТАР, МЕКТЕП ТАРИХЫМЕН ТАНЫСУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ БҰРЫШ, БӘРІ-БӘРІ КӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛАДЫ, ЕРІКСІЗ ҚЫЗЫҒАСЫҢ. ТАРИХ ДЕМЕКШІ, ӨТКЕНГЕ СӘЛ ШЕГІНІС ЖАСАСАҚ...**



Сөзге тиек етіп отырған ғимарат шәкірттерді ілім-ғылымға баулу мақсатында еңбек етіп жатқан ауданымыздағы білім ұясының бірі – Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп. Дәуімбай елді мекеніндегі бұл білім ордасы 2009 жылы ел игілігіне берілген болатын. Дәл осы жылы мектеп ұжымы жаңа нысандағы жұмысын 490 оқушымен бастайды. Ал ғимарат 1100 орынға негізделген. Жалпы, мектеп ғимараты «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша типтік жобада салынған.

Биыл жаңа оқу жылын Дәуімбайдағы білім ордасы 674 оқушымен бастады. Мектеп директоры Гүлнар Бекмолдаева соңғы жылдары мектепте оқушы саны айтарлықтай көбейіп жатқанын айтады. Ол мұны сондағы халық санының артуымен, үйлердің көптеп салынуымен байланыстырады. Ал біз мұны алтын ұядағы ұстаздар берген білімнің сапасымен байланыстырдық.

Мұнда оқушылардың сапалы білім алуы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиямен оқыту жүйесі енгізілген. Оқу процесінде жаңашыл инновациялық технологиялар да қолданылады. Сондай-ақ мектепте қосымша білім беру ұйымы мен инклюзивтік ресурстық орталық және 5 үйірме жұмыс жасайды. Инклюзивтік орталықта арнайы 4 маман еңбек етеді.

Былтыр Зейнолла Жарқынбаев атындағы мектеп оқу жылын үлкен жетістікпен қорытындылады. Сондай-ақ олар жаңа оқу жылын мұнан да жоғары жетістікпен тәмамдауға талпынып отыр. Нақтырақ айтсақ, 2021-2022 оқу жылында мектепті 33 түлек бітірген. Оның ішінде 4 оқушы «Алтын белгі», ал 9 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанған. ҰБТ нәтижесімен мектеп түлектері орташа 73,5 пайызды көрсетіпті. Бір қуантарлығы, түлектердің барлығы қалаған оқу орындарына түсіп, студент атанған.

– Біз балаларға мейлінше сапалы білім беруіміз керек. Басты мақсатымыз да сол. Нәтиже жоқ емес. ҰБТ бойынша нәтижеміз жоғары. Оның артында үлкен еңбек жатқанын жақсы білесіздер. Мәселен, біз балаларды ҰБТ-ға дайындауды тек 11 сыныпқа келгенде бастамаймыз. Олардың қалаған мамандығын игеруге 3-4 жыл бұрын жағдай жасаймыз. Себебі 1 жылда мектеп бітірушіден мемлекеттік грант иегерін қалыптастыру қиынға соғады. Міне, сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды ерте бастаймыз. Былтыр оқу жылын жоғары жетістікпен қорытындыладық. Биыл да сол межеге жетеміз деген мақсат қойдық, – дейді мектеп директоры Гүлнар Бекмолдаева.

Түлектердің ҰБТ-ға дайындығы жаман емес. Мектеп ұжымы үміт артып отырған 31 түлектің 4-еуі «Алтын белгіге», 2-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Мұғалімдердің айтуынша, бітірушілердің талаптары оңды, дайындыққа қалмай қатысады. Соның нәтижесі болар, бүгінде оқушылар алдын ала дайындық сынақтан орташа 70-75 балл жинауда.

Иә, №202 орта мектептің ауданда білім беру саласында үздіктер қатарынан табылуы орынды. Себебі шәкірттері пәндік олимпиадаларда, ғылыми жоба байқауларында, өнер және спорт бағытындағы аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда ел абыройын асқақтатып, үздіктер қатарынан бой көрсетіп жүр.





Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Ермұрат Каналханның айтуынша, 2022-2023 оқу жылы бойынша аудандық пәндік олимпиадаға 29 оқушы қатысып, 9 оқушы орын алып, 2 оқушы облыстық кезеңге жолдама алған. Облыстық ғылыми жобалар байқауында 2 оқушы жүлдегер атанса, аудандық «Дарын» және «Зерде» ғылыми жобалар байқауында 13 оқушы жүлделі орындарға ие болған.

Орта мектеп біліммен қатар оқушыларының спортпен және өнермен айналысуына да ерекше көңіл бөледі. Бір жағынан балалардың бойындағы талантын шыңдауына да мүмкіндік береді. Мәселен, мектепте негізгі білім беру жұмыстары азаннан түске дейін жүзеге асса, түстен кейін қосымша білім беріледі. Яғни балалар мұнда түрлі үйірмелердің көмегімен бойындағы талантын шыңдауға мүмкіндік алады. Ал қосымша білім беру жұмыстары аудан бойынша тек осы мектепте жүзеге асып жатқанын айта кеткен жөн.

Иә, мектептің спорт, өнер саласында тізбектеп жаза беретін жетістіктері жиналып қалыпты, жағымды жаңалықтары да аз емес екен. Бір қызығы, мектеп қабырғасында жүріп-ақ екі оқушы спорт шебері атағын да алып үлгерген.

Өнер бағыты бойынша «Шапағат» вокалды тобы «Жеті өнер» республикалық байқауында бас жүлде иеленіп, халықаралық кезеңге жолдама алған. Сондай-ақ «Ақмоншақ» би тобы «BALA FEST» республикалық өнер байқауында I орын иеленген.

Спорттан Алматыда өткен жеңіл атлетикадан ҚР біріншілігінде Балнұр Қалнияз III орын алса, Ақпейіл Маратқызы ҚР волейбол біріншілігінде I орын иеленген. Халықаралық жарыстарда гір көтеруден Азия чемпионатында Нұрислам Орынбасар қола медаль алған. Сонымен қатар мектепте 55 оқушы қазақ күресіне қатысады. Қатысушылар облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпазы атанып үлгерген.

Тағы да айта кететін жайт, мұнда білім алушылардың қолданбалы зерттеу жұмыстарын жүргізуі үшін ашылған робототехника кабинеті жұмыс жасайды. Сондай-ақ мектеп кітапханасына да көз жүгірттік. Іші оқушыларға лық толы, ешкімнің ешкімде шаруасы жоқ. Әрқайсысы өз жұмыстарымен зердесіне білім тоқуда. Кітапханашы апайды әңгімеге тартсақ, балалар күн сайын осы руханият ордасын төңіректейтінін айтады. Балаларды кітапханамен тығыз байланыста жұмыс жасауға дағдыландырған. Кітапхананың ықпалымен мектепте түрлі танымдық іс-шаралар да ұйымдастырылады екен. Мәселен, Алаш зиялыларының 105 жылдығы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай қазақ интелегенциясының шығармаларын мәнерлеп оқу бойынша түрлі сайыстар өткізіледі. Сондай-ақ кітапхана жанынан ашылған «Coworing» орталығында мектеп оқушылары кітап оқып қана қоймай, өзара оқыған кітаптары туралы ойларымен бөліседі.

Мектепте ерекше білім алуды қажет ететін балаларды ерте жастан түзете дамытып, оқушылар үшін кедергісіз орта қалыптастыратын инклюзивті білім беру мен тәрбиелеу шарасы қолданысқа енгізілген. Яғни мұнда ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға білім беру, тәрбиелеу, түзете-дамыту сабақтарын талапқа сай жүргізу үшін орта мектептің педагогтары жыл сайын инклюзивті білім беру жағдайында өз білімдерін жетілдіріп отырады.

Балалар мен жасөспірімдерді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабаққа үлгеру қабілетін арттыратыны белгілі. Осы орайда оқушыларды сапалы тамақтандыру мақсатында мектеп ас ішу блоктарын заман талабына сай құрал-жабдықтармен жабдықтаған. Жалпы, білім ордасында 349 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Бастауыш сыныптарынан 204 оқушы ыстық тамақ ішеді, яғни 100 пайыз қамтылған.

Аудандағы үздік мектептердің бірі Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 мектептің бүгінгі жай-күйі осындай. Ғылымның жаңа кезеңге аяқ басқан дәуірінде оқушылардың заманға сай білім алуына бар жағдай жасауды басты миссия еткен мектеп ұжымы тек қана ілгері қадамдап, жоғары нәтижеге қол жеткізуді мақсат еткен. Бір сөзбен айтқанда, білім беру сапасында мін жоқ.



# Мектеп мақтанышы

**ЗЕЙНОЛЛА ЖАРҚЫНБАЕВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ «МЕКТЕП МАҚТАНЫШТАРЫ» ТАҚТАСЫНАН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ КӨЗГЕ ТҮСТІ. ӘЛБЕТТЕ, ӘҢГІМЕЛЕСУДІ ЖӨН КӨРДІК. БІЗДІҢ БҮГІНГІ КЕЙІПКЕРІМІЗ – ҮЛГЕРІМІ ЖАҚСЫ, СПОРТҚА ҚҰШТАР 10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ НҰРИСЛАМ ОРЫНБАСАР. ЖАС ӨРЕННІҢ БЕЛСЕНДІ, АЛҒЫР ЖӘНЕ ІЗДЕНІМПАЗ БОЛЫП ӨСУІНЕ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕН МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА АЛҒАН БІЛІМІ ӘСЕР ЕТКЕНІ АНЫҚ. НҰРИСЛАМДЫ ҰСТАЗДАР СЕНІМІН АҚТАҒАН АЗАМАТ ЕКЕНІН АУДАН ХАЛҚЫ ЖАҚСЫ БІЛЕДІ.**

Иә, бұлай мақтауға да себеп бар. Нұрислам жуырда Қырғызстан мемлекетінің астанасы Бішкек қаласында өткен чемпионатқа Қазақ елінің атынан қатысып, үздік нәтиже көрсетті. Осылайша 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында 73 келі салмақта өткен жарыста 3 орын иеленіп, Азияның қола жүлдегері атанды. Аудан абыройы асқақтаған чемпионатқа Корея, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Индия және Қазақстаннан 400-ге жуық спортшы қатысқан.

Мұнан бөлек еңбексүйгіш, ізденімпаз, белсенді болып өсуді мақсат еткен Нұрислам – бүгінде мектептегі үлгерімі жақсы оқушылардың бірі. Бұл туралы бізге оның сынып жетекшісі Ақжайық Төлеуова айтып берді.

– Шәкірттерімнің әрқайсысы – мен үшін шоқтығы биік жұлдыз. Олардың талабы мен талантын ұштап, шыңға шығаруды басты мақсатым деп білемін. Нұрисламның спорттан үздік екені белгілі. Сондықтан сынып жетекшісі ретінде оқушымның білімдегі қырына тоқталсам, үлгерімі жақсы, пән мұғалімдері тарапынан да мақтау жиі естіп тұрамын. Бос уақытында тарихи кітаптарды оқығанды ұнатады. Мектеп ішіндегі мәдени іс-шараларға да белсене қатысады. Қысқасы, мектептің мақтанышы деуге әбден болады, – дейді Ақжайық Төлеуова.

Чемпион бос уақытында кенттегі «Наркескен» спорт клубында гір спортымен кәсіби түрде айналысады. Жаттықтырушысы халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы Абдулхасан Сейтенов те Зейнолла Жарқынбаев атындағы мектептің түлегі.

Нұрислам жас болса да болашаққа нақты мақсат қоя білген. Жоғары сыныпты жақсы үлгеріммен бітіріп, кейін мемлекеттік грант иегері атанып, елдің дамуына үлес қосқысы келетінін жеткізді. Біз де жас өреннің талабына сәттілік тіледік.

Бүгінде Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп өңірге спорт саласында топ жарған өрендерімен дара. Білім ордасының қабырғасында қазақ күресі, шахмат, тоғызқұмалақ, воллейбол, гір спорты, шағын футболдан үйірмелер жұмыс жасайды.

Осы орайда шәкірт тәрбиелеуде, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда мектептің мұғалімі Мейрамбек Есназаровтың еңбегіне ерекше тоқталуға болады. Қазір оны аудан халқы тек дене шынықтыру пәнінің мұғалімі деп қана емес, білікті бапкер деп таниды. Өйткені ол мектеп қабырғасындағы 19 жылдық еңбек өтілінде бірнеше чемпионды тәрбиелеп шығарды.

– Қазіргі таңда мен 5-10 сынып аралығындағы оқушыларға дене шынықтыру пәнінен сабақ беремін. Оқушылардың барлығы спортқа құштар. Сабағыма барлығы да қалмай қатысады. Әрине құр жаттығулардан оқушыларға дене-бітімнің өсіп-жетілуіне физикалық тұрғыда пайдасы бар қызықты спорттық ойындарды ойнатқанды жөн көремін. Бекітілген сағатымнан бөлек гір спортынан үйірмем де бар. Үйірмеге қызығушылық танытып, қатысатын оқушыларым көп. Алды спортта бірқатар жоғары нәтижелерді көрсетіп үлгерді, – дейді дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мейрамбек Есназаров.

Міне, бұл білім ордасында осындай білікті мамандар еңбек етеді. Әрқайсысының алдына қойған өз мақсаты бар. Ал шәкірт тәрбиелеуде, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда олардың ойы бір мақсат, бір мүддеде түйіседі. Ал ауызбіршілікпен, ымырамен, айқын мақсатпен іс қылған ұжымның жұмысы қашанда алға басатыны анық. Иә, мектеп – жастардың талантын шыңдап, даналардың түлеп ұшар тұғыры. Ұлттың рухани байлығы білімінде болса, ұстанар бағыты – тәрбиесінде. Соған біз тағы бір мәрте көз жеткізіп қайттық.




Бетті дайындаған Жандос ЖАЗКЕН

Тағзым

# Есімі елімен қайта қауышты

**Жалағаш жұрты өткенді ұлықтап, елдің ертеңіне саналы ғұмырын сарп еткен азаматтардың өнегелі өмір жолын кейінгі буынға насихаттауда жолынан жаңылған емес. Біздің мұндай шаралардан ұтпасақ, ұтылмасымыз хақ. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында тағы бір осындай игі шараның куәсі болдық. Ұлы Отан соғысының жауынгері, гвардия кіші лейтенанты, ІІ дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерінің иегері Сауда Мәдиұлының атына Жалағаш кентінен жерлестері көше беріп, баба есімін, ерлігін жадында жаңғыртты.**



Батыр атындағы көшенің ашылу салтанатына аудан әкімі Асқарбек Есжанов қатысып, шараның маңыздылығына тоқталды.

– Бүгін Сауда Мәдиұлы әкеміз сексен жылдан кейін елмен қайта қауышып жатыр. Елім деген ерлердің есімін ардақтау, ұлықтау кейінгі толқын, жас ұрпақты елді, туған жерді сүюге, ерлікке бастайды. Бүгінгі салтанатты шарада Сауда Мәдиұлы әкеміздің есімімен аудан орталығындағы бір көшенің аталуы құптарлық іс, ерлікке тағзым деп білемін, – деді аудан әкімі.

Сауда Ормановтың майдан даласынан бауырларымен, анасымен хат алмасқанын осыған дейін оның ұрпағы Әсия Мәдиевадан сұрап білгенбіз. 1942 жылы 9 қыркүйекте жазған хатында ұрыс даласына дайындық туралы жаза келе, қарт әкесі Мәди мен анасы Гүлзейнепке, інілері Сауранбай, Төлепберген, Айтбайға алаң көңілін білдірген. Әрбір хатында елдегі ағайын-туыс, замандас, қарындастарының жай-күйін түгел сұрап, жүрекжарды өлең жолдарын майдан даласынан сағыныштың көгершініндей жолдайды. Көп ұзамай майданға аттанған Сауранбай інісіне жолдаған хатында «Командир болып шық. Жастарды тәрбиеле. Неміс фашизміне қарсы соққы бер. Ағаң сержант, жастарды тәрбиелеуде. Ал жаным, қасыңдағы орыс болсын, қазақ болсын жүрегіңмен сыйлас. Ол – сенің майдандас досың. Сонымен бірге командиріңді қатты сыйла» деген ағалық кеңесін айтқан.

Сауда Орманов майдан даласында ерлікпен қаза тапқаннан кейін анасы Күлзейнепке Польша жеріндегі баласының басына барып, бір уыс топырақ салып құран бағыштау арманға айналған. Шынында соғыстың аяқ шенінде мұндай мүмкіндік қайдан болсын. Оның үстіне елді шешек жайлап, аты жаман аурудың салдарынан үш бірдей баласы Оразбай, Базарбай Сәрсенбайлар бірінен соң бірі бақилық болған. Қос баласы майданға аттанып, оның бірі қанқұйлы шайқаста қаза тапқан.

Сауда Ормановтың ұрпағы Әсия Мәдиева бүгінде Жалағаш кентінде тұрады. Ұлы Отан соғысында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен әкесі Сауранбай Мәдиевтің Сауда Орманов ағасы екен. Ол Польша жеріндегі шайқастардың бірінде ерлікпен қаза табады. Сол тұстағы қиын кезеңдерді Әсия апай кеңінен тарқатқанда, бейбіт заманда, тәуелсіз мемлекетке мамыражай күн кешіп жатқанына тәуба дейсің.

Соғыстан оралған Сауранбай ағасының көзі тірісінде майдан даласынан жолдаған хаттарын күн сайын парақтап, пысықтап отыруды әдетке айналдырыпты. Тіпті әлгі хаттаулы қағаздардың бір мүйіші майысып, беттері сөгіле қалса, қатты налитын көрінеді. Жастай қыршын кеткен бауырынан қалған жалғыз естелік, жұбанышы сол ғана, сондықтан ол кісіні түсінуге тура келеді.

Иә, адамзат тарихында сұм соғыстың ауыр кезеңі хатталып тұр. Ұлы Жеңістің ащы дәмімен сұм соғыстың жүрек сыздатар қасіреті тарих бетінде ұмытылмастай із қалдырды. Бұл – сан мыңдаған ұрпақ үшін бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, ел үшін құрбан болған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбынын, тылда еңбек еткендердің қисапсыз маңдай терінің мәңгі өшпейтінін дәлелдейтін тарихи кезең. Жеңіске жету жолында қанды қырғында арпалысқан жауынгерлердің құлақ түбінен ысқырған оқтар мен жаңғырған зеңбіректер гүрсілі, шыбын жаны шырқыраған жаралылардың жан дауысы, бәрі-бәрі құлағыңа келгендей болады.

Ел басына күн туған сындарлы сәтте қан майданға аттанып, туған Отан қорғау жолында жан қиған батырлар ерлігі – қашанда ұрпаққа өнеге. Сыр өңірінен Ұлы Отан соғысына қатысқан сарбаздар өмірі де жанкешті қадамдар мен қайсарлыққа толы. Сан жылдар өтсе де аңызға айналып, бүгінгі буын жадында жаңғырып келеді. Осындай өнегелі тұлғаның бірі №44 гвардиялық атқыштар дивизиясының 130 гвардиялық атқыштар полкының взвод командирі, гвардия кіші лейтенанты Сауда Орманов еді.

Жалағаштың топырағында бақытты балалық шағын өткізіп, жалынды жастықтың қызығына бойлай бастаған Сауда Мәдиұлы 19 жасында әскер қатарына алынады. 1941 жылдың желтоқсан айында Қармақшы әскери комиссариаты шақыртуымен ел қорғауға аттанып, Ақтөбе қаласында кіші командирлер училищесінен арнайы курстан өтіпті.

Елім деген ердің Отанға деген риясыз адалдығы мен сенімі ұрыс даласынан жолданған хаттардан ерекше сезілетін. Курсанттың училищедегі дайындықпен қатар оқуға деген қызығушылығы артқан. Тіпті ізін басқан інісі Сауранбайға жолдаған хатында оқуға қажетті әскери кітаптарды жіберуін сұраған деректер де бар. Майдан хаттарының алғы көші де сол кезеңнен бастау алады.

Кейін бұл хаттардың қатары сирей бастаған. Бұл да бір тарих екенін Әсия апайымыз жақсы біледі. Сондықтан майдан даласынан жолданған хаттардың қалғанын аудандық музейге тапсыруды жөн деп тауыпты. Кейін музей қызметкері Марат Шөмекей бұл хаттардың бір парасын «Жалағаштық жауынгерлер» кітабына енгізді.

Кескілескен шайқастың ортасында жүріп, ұрыс толастаған сәтте жанын шүберекке түйе отырып, елге жазылған хаттар майдангердің елге деген шексіз сағынышын білдіреді. Әрбір хаттан соғыс демі мен ұрыс даласындағы азапқа толы күндер өршіл перзентті мұқата алмағанын байқаймыз.

Бірде 1943 жылы сәуірде госпитальдан емделіп, частыға келгенін, інісі Сауранбайға жаза отырып, әзірге хат жазбауын сұрайды. Сол жылдың 23 желтоқсанындағы хатында: «Отечественная война» ІІ степенімен наградит етті» деп жазады.

1943 жылы 11 тамызда 246 атқыштар дивизиясының кіші сержанты Сауда Орманов Десна өзенінен бірінші болып өтіп, 13 фашисті жер жастандырады. Екі күннен соң фашистерінің жаудырған оқтарына қарамастан қарсы бетке жүзіп өтіп, жау шебіне снайперлік соққы бергені үшін полковник Гришко «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынады.

Майдангер қауырт шақта да бауырларымен хабар алмасуды естен шығармады. 1944 жылы 23 мамырдағы хабарында ұрыс даласына бара жатқанын және №44 гвардиялық атқыштар дивизиясының 130 гвардиялық атқыштар полкының құрамында взвод командирі, гвардия кіші лейтенанты шенін алғанын жазады. Ал 1944 жылы 20 маусымда Брест қаласының солтүстік-батыс жағалауындағы бірінші болып жеткенін және жеңіске аз уақыт қалғанын баяндайды.

Сауда Мәдиұлы кезекті хаттың бірінде «Көке, алдымызда «Западный буг» тұр. Сталин басшымыз алға десе, өтіп кетуге даярмыз. Екі орденім бар. «Отечественная война» және «Красная звезда». Отан үшін соғыста Сталин жолдастың берген үш Алғысы бар» деп марқая сүйіншілейді. Жолданған офицер хатынан өзара бауырмалдықтың үлгісін, халықтар достығының мызғымастығы, тәртіпке бас июдің адами қасиет екенін тану оңай.

Сауда ағамыздың інісі Төлепберген Ақтөбе қаласында әскер қатарында болды. Кезекті кезекшілікке шыққанда ауыл баласы «Осы біз нені сонша күзетіп жүрміз?» деген оймен ішке кіріп, жағалай жазылған тізімдерді көреді. Орта тұсқа келгенде ағасы Сауданың аты-жөнін көзі шалып, «ой, бауырым» деп бас салады ғой. Сол кезде тревого көтеріліп, оларды гаупвахтаға жауып тастап, тергеуге алады. Сонда «Орманов Сауда Мәдиұлы – менің туған бауырым. Бауырымның аты-жөнін көргенде өзімді ұстай алмай қалдым» деп шынайы жауап беріпті. Арада бір апта әскери комиссариатқа сұрау салу нәтижесінде туған бауыры екені дәлелденіп, онкүндік демалысқа келген екен.

Батыр көкеміздің жоқтаушылары халқы, оның ішінде «Жарығымның келуін күте алмадым-ау, «өлді» деген суық сөзге бұл жүрегім сенбеді-ау» деген Гүлзейнеп ана, ішіндегі қайғысын ел тағдыры қамымен жоя білген «Жас қайрат» колхозының төрағасы Мәди атамыз, от ортасынан оралған Сауранбай, елде қалған балаң Төлепберген, Айтбайлар ағасының хаттарын сағынышпен үнсіз ғана суланған көздерін қайта-қайта сүрте отырып оқыса, Зияш апамыз сол хаттардағы өлең жолдарын әнге салып, өмірінің соңына дейін айтып кетіпті.

Заманның өзгеріп, сандық сауаттылықтың маңызы артқан тұста жиені Жанат Серікқызы ақпараттық желі арқылы бүгінде басқа мекен-жайға ауыстырылған Польша жеріндегі Драк хуторындағы бауырластар зиратының жаңа мекенжайын республикалық «Қызыл ай» қоғамы арқылы байланысқа шығып тауыпты. Сауда Орманұлына құзырлы орындар арқылы 1945 жылы 9 мамырда «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі берілгені белгілі болды.

Туған елі батыр ұлының еңбегін ескерусіз қалдырмады, аудан орталығындағы көшелердің біріне Сауда Ормановтың есімі беріліп, елімен қайта қауышты. Жаужүрек жауынгердің ерлікке толы өмір жолы ұрпақтары жадында жаңғыра береді.

**Ерлан АНУАРҰЛЫ**

# Қалдырған ізі мәңгілік

**Оны келіндері есепші қайнаға дейтін. Бүгінгі жастардың мұның түп тамырын бірі білсе, бірі білмеуі мүмкін. Атам қазақ ежелден-ақ өзінің ұрпақтарына үлкенді сыйлаудың қадір-қасиетін жетесіне жеткізе түсіндіріп отырған және оның орындалуын орнымен талап ете білген. Соның арқасында жаңа түскен келіннің қайнағаларының аттарын атауға жол бермеген. Егер көңілге қонымды атаулармен имандылық жасаса, оны құп көрген. Сондай тәрбиені көрген келіндердің есепші қайнаға деп атағандары кім болды екен? Енді айтпағымызды рет-ретімен тарқатайық...**

**I**

Әрине біз көбінесе жауапты басшы қызметте болғандар жайлы жазатынымыз бар. Ал қарапайым еңбек адамдары жайлы онша көңіл бөле бермейтініміз жалған емес. Теміржол саласында 35 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагер ана Үрліхан Жұмаділқызы көшеде кездесіп: – Шыңғыс аға, сіздің аудандық, облыстық газеттерде жарияланған ел азаматтары жайлы жазған материалдарыңызды оқып жүрмін. Менің әкем 44 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан еді. Бірақ басшы қызметте болған емес. Десе де өзіне жүктелген жұмысты адал атқарған, өзі еңбек еткен ұжымның сыйлы азаматы болған еді, – деді.

Бұл тосын әңгіме мені ойға қалдырды. Шынында адамның барлығы да басшы болуы шарт емес қой. Қалай айтқанда да қандай қызметте болсын, ол үлкен болсын, мейлі кіші болсын өзіне жүктелген жұмыста абырой-атаққа ие болса, неге жазбасқа, неге еске алмасқа, неге оны үлгі етіп айтпасқа деген ой келді маған. Сонымен бұл мақаланы жазуымның қысқаша тарихы осындай ойдан туған болатын. Енді соған тоқталмақшымын. Ендеше басынан бастап баяндайын.

Біздің бүгінгі мақаладағы кейіпкеріміз осыдан бірнеше жыл бұрын дүние салған Жұмаділ Жұмашев жайлы болмақ. Ол бұрынғы Карл Маркс, қазіргі Бұқарбай батыр ауылында 1928 жылы өмірге келген. Ауылдағы жеті жылдық мектепті 1943 жылы үздік бітіреді. Ол кезде кәмелетке толғандардың барлығы Ұлы Отан соғысына аттанған. Мектепте мұғалімдер жетіспейді. Он бес жастағы үздік оқушы Жұмаділді бастауыш класқа сабақ беруге мұғалім етіп қояды. Бір оқу жылы сабақ берген ол келесі жылы Қызылорда қаласындағы педучилищеге түседі. Оны бітіргеннен кейін туған ауылына келіп, әуелі мұғалім, сосын оқу ісінің меңгерушісі қызметінде болады. Еңбек ете жүріп, Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтты сырттай оқып, 1950 жылы бітіріп шығады. Институтты бітіргеннен кейін аудандық оқу бөлімі оны бұрынғы «Актив» ауылындағы №114 орта мектепке (қазіргі Далдабай ауылы) директор етіп жібереді. Ұстаздық жұмысты ол 1965 жылға дейін жалғастырады. Еңбек жолының 22 жылын білім саласына арнаған ол денсаулығына байланысты 1966 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққан. 1988 жылға дейін, яғни 22 жылын есеп саласында еңбек етуге арнайды. Турасын айтқанда, 1966-1988 жылдары «Коммунизм» совхозында, аудандық газ мекемесінде, аудандық ауруханада, аудандық суландыру жүйесінде, аудандық элеватор мекемелерінде әуелі жай есепшіден бас есепшіге дейінгі қызметте болады.

**II**

«Артында ұрпағы бар адам ұмытылмайды» деген аталы сөз бар. Біздің әңгіме етіп отырған кейіпкеріміздің өзі соның бір дәлелі іспеттес. Бір әулеттің келіндері әліге дейін есепші қайнағаның айтқандары еді деп, оның өз уақытында берген ақыл-кеңестерін бүгінге дейін еске алып, айтып отырады екен.

Мәселен, уақытында зейнеткерліктің тұтқасын ұстаған келіндері Карима Еңсебаева, Жәміш Әлиева, Шолпан Пірназарова, Зоя Сейтенова, Зиба Бекенова, Серіккүл Беркімбаева, Зауыткүл Тоқтықбаевалармен кездесіп, олармен әңгімелескенімізде бәрінің де лебізі бір арнаға тоғысып жатты. Есепші қайнағасы жайлы сондағы олардың айтқаны:

– Келін ақылды болса, енесінің тентектілігі мен беймаздығын, күйеуінің мінезіндегі олқылықтарды да білдірмей сол жанұяның ұйытқысы бола біледі. Әдепті келін – ауыл көркі, бір әулеттің мақтанышы десек, артық болмас. Әдепті келін қайын-қайнағалары мен кейінгі жасөспірім балалар арасында алауыздық тудырмай, орталарында дәнекер болып жүреді дейтін. Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмайды деп аяқтайтын сөзін. Үлкенге ізет, кішіге қамқорлық жасау әрбір әйел ананың қасиетті борышы екенін естен шығармаңдар. Ашу алдында, ақыл соңында. Шай құюдың да мәні зор, шайды бастан-аяқ бір түсті қызыл-күрең етіп құю керек, содан соң шайды кесеге толтыра құймай, орта кесе, тіпті одан да азырақ құю керек деп ақыл-кеңес беретін. Ағайын-туыспен, жолдас-жоралармен, көрші-көлеммен жақсы қарым-қатынаста болыңдар дейтін. Бұл біздің айтқандарынан есімізде қалғаны ғана, – дейді олар.

Иә, әйел ана кейде үстірт қарайтынымыздай, тек қана бала тәрбиешісі ғана емес, ол – бүкіл отбасы тәрбиешісі, отбасының берекесі. Бір сөзбен айтқанда, әйел – сүйікті жарың, мейірімді анаң, тал шыбықтай иіліп, ата-ананың қасы мен қабағына қарап тұратын сүйкімді келінің айтқаныңды екі етпей, анандай аялап тұратын аяулы жеңгең. Жұмаділ аға жайлы естелік айтқан оның келіндері де осы жоғарыда айтқан талаптан шыға білгендер қатарынан десек, асыра айтқандық болмас.

**III**

Айналасына күн шуағын шашып жүретін ол отбасында да, ағайын-жекжат арасында да еңбек еткен ұжым ортасында да сыйлы әрі құрметті бола білді. Жұмысты үлкен, кіші деп бөлмеді. Өзіне бекітілген қызметті әркез жауапкершілікпен атқаруға тиістімін деп санады. Соның нәтижесінде қандай деңгейде еңбек етсе де, абыройға бөленді, жақсылардың санатында болды. Еткен адал еңбегі үшін тиісті жоғары органдар тарапынан марапатталды. Мысалы, жұмыс істеген уақыттың әр кезеңінде Ұлы Жеңістің 40, 50 жылдық мерекелік медалін кеудесіне тақты. Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміздің 55 жылдығына орай ҚР Президентінің «Жеңіс күніңмен» деген құттықтау хатын алды. Сонымен қатар облыстық Совет атқару комитетінің және кәсіподақтардың облыстық Советінің «Құрмет» грамоталарымен марапатталды. Ол кезде әрбір еңбек ұжымында көпшілік жүретін көрнекті жерге «Құрмет тақтасы» деген арнаулы тақта ілулі тұратын. Онда сол ұжымның ең таңдаулы деген еңбек озаттары ілініп қойылатын. Жұмаділ ағаның суреті де өзі еңбек еткен ұжымның «Құрмет тақтасында» зейнеткерлікке шыққанға дейін ілулі тұрды.

**IV**

Атам қазақ ер азаматты шаңырақ иесі десе, әйел ананы отбасының алтын қазығы дейді. Шын мәнісінде әйел-ананы алтын қазыққа теңеу де данышпандылықпен айтылған сөз екенін күнделікті өмір тіршілігінде көріп жүргеніміз бәрімізге аян. Сондай бір отбасының қазығы болған Күлза ана жұбайы Жұмаділмен екеуі өмірге алты бала әкеліп, өздерінің көздері тірісінде олардың барлығының да жоғары білім алуына жағдай жасап, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған өнегелі отбасы бола білді.

Атап айтатын болсақ, Райханы Алматы қаласындағы тамақ өндіру институтын тәмамдаса, оның жұбайы Амантай Ахметов-Самарқан қаласындағы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Үрліхан – Алматы теміржол институтын бітіріп, отыз жылдан астам теміржол саласында абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан төрт баланың анасы. Бақыт Алматы халық шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін әке жолын ұстап, есепшілік қызметті жалғастырды. Ал жолдасы Дүйсенғали Байжанов кәсіппен айналысты.

Ер баладан үлкені Қалдан болатын. Ол Шымкенттегі технологиялық институтты бітіріп, алты балалы болғанда дүниеден озыпты. Жұбайы Базаркүл Абдраманова – Сыр елінің атақты ақын-жырауы Әбділда Жүргенбаевтың туған жиені, текті жердің ұрпағы. Өмірден ерте озған күйеуін жоқтатпай алты баланы мұратына жеткізу үшін үлгілі отбасының тірегі болды. Қобыланды жоғары білімді маман болды. Жұбайы Гүлсім екеуі Астана қаласында тұрды. Кенжесі Бағлан Алматы қаласындағы физкультура және спорт институтын бітірген. Жұбайы Гүлмира екеуі Қызылорда қаласында тұрды. Мамандығы бойынша абыройлы еңбек етті.

«Орнында бар оңалар» деген осы. Жұмаділ ағамен оның жұбайы Күлза апайдың ұл-қыздарынан тараған немере-шөберелері бар. Бұдан біз жымын білдірмей жылжыған жылдар бұл әулетке өзінің жақсылығын жалғастырып келе жатқанын көреміз. Лайым солай бола берсін.

**V**

Өмірі ешкімді жамандап, әлдекімнің сыртынан сөз айтпаған, әркез айналасындағыларға тек жақсылық жасауды мұрат тұтқан ол ағайын-туыстың балаларының оқуына үнемі ықпалын тигізіп отырған, өз балаларын да жоғары оқу орындарында оқытумен қатар туыстарының балаларының да жоғары білім алуына тікелей ат салысқанын бұл күндері олардың өздері ризашылықпен, таза пейілді ықыласымен еске алып отырады.

Әңгімеміз дәлелді болу үшін нақты дерекке жүгінейік. Мысалы, кейіпкеріміздің замандастарының айтуына қарағанда ол өзі кезінде немере туысының баласы Иранның жас кезінен оқуға ынталылығын, барлық пәннен жақсы үлгеретінін, тәртіптілігі мен өткірлігін, жүрген жүрісі мен киген киімінің жарасымдылығын, тазалығын, не нәрсеге де ұқыптылықпен қарайтынын, мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласатынын аңғарып жүрген көрінеді. Сосын шіркін оқушылардың барлығы



осындай болса ғой деп іштей ойлайды екен. Бірде ата-аналар жиналысында Жұмаділ аға осы ойын ашық айтқан көрінеді. Бұл әңгімені естігендер Қаракеткен ауылында әліге дейін бар.

Не керек, ол бала орта мектепті бітірген соң жоғары оқу орнына түсуіне ақыл-кеңес беріп, әке-шешесінің ризашылығын алып берген де осы Жұмаділ аға болатын. Сонымен ағасының ақыл-кеңесін алған Иран орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын Ақтөбе облысында сот саласында еңбек етуден бастайды. Осы салада үзбестен отыз жылдан астам еңбек етіп, аудандық судьядан облыстық соттың төрағасына дейін көтеріледі. Яғни облыстық соттың төрағасы болып он жылға жуық абыройлы қызмет атқарып, кейін қатарынан екі дүркін ҚР Паралемнтіне Сенатор болып сайланады. Ол Жоғары палатада ел сенімін ақтау бағытында асқан жауапкершілікпен еңбек етті. Ол – тек бір әулеттің ғана емес, дүйім елдің мақтанышына айналған азамат.

**VI**

Ол өмірінің соңғы бір күнінде балалары жиналып отырғанда былай деді: «Еңбек ете білу, адамды алдамау, біреуді қорламау, туған-туысқа, дос-жаранға, жүрген ортаңа адал болу, басқа адамның жетістігін бағалау, бір-біріңді қадір тұту сияқты асыл қасиеттер, сендердің саналарына сіңді. Бұл дүниеде ұсақ-түйек деген болмайды, бәрінің орны бар. Осы отбасында алған тәрбиелерің – өмірлеріңнің өзегі. Сондықтан сендер түбінде ешкімнен кем болмауларын керек».

– Иә, асыл әке ғана асыл сөз айтады екен, – деп еске алады оның балалары.

«Әр дәуірдің әртүрлі адымы бар, әр мезгілдің әртүрлі сарыны бар» демекші, ұлы істерді дәуір істеді, ұлы адамдарды дәуір туғызады. Ал сол ұлы адамдарды ұлы қылатын – халық. Автордың бұл мақаланы жазудағы басты мақсаты сол, халықтың қарапайым ұлы Жұмаділ ағаның азды-көпті атқарған еңбегін оқырман қауымға таныстыру.

Жылдар өтер, жақсы ағаны жадында сақтаған замандастары да бірте-бірте азаяр. Алайда жаңа ұрпақ жақсылардың өнегелі істерін одан әрі жалғастыра берері анық. Өйткені дүниедегі ең асыл, ең мәртебелісі – басқаларға бақыт сыйлау, өзгенің қуанышына өз қуанышындай қуана білу және оны қадірлей білу. Ендеше елі қадірлеген жақсы ағалардың салып кеткен өнегеге толы жолдары ешқашан да ел жадынан өшпек емес.

**Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Қазақ тілі – ең бай тіл

**Қазақ халқы XX ғасырдың 40-жылдарынан кириллица әріптерін қолдана бастады. Содан кейінАхмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде тоғыз әріпті ойлап тауып, қазақ елінің мәдениетіне жаңа серпін ашты. Тіліміздің сөздік қоры бай екені айдан анық, жаңа тіліміз пайда болған соң, қазақстандықтардан қолдау болды, бірақ сол жылдары орыс тілінің заманы екенін білеміз. Қазақ тілінде жазылған шығармаларды өртеп, авторларын «халық жауы» деп таныды.**




Ахмет Байтұрсынұлының да бір елдің әліпбиін құрастыруы үлкен ерлік. Ол кісі алтынмен қапталған бір ерекше оқу орнында оқыған жоқ, бүкіл мүмкіндікті инемен құдық қазғандай іздеді. Оның қасындағы әріптестері де орыс зиялылары еді. Оларда бақ та,бап та болды,бірақ талант әркімде бірдей емес, талай қазақша жазылған шығармалар отта өртеніп жатты. Жазушыларымыз бір кітап жазуға бар уақытын, көз майын таусып, бар махаббатпен жаза білді.

Шетел тілін үйреніп жүргендердің әртүрлі деңгейлері болады. Егер сіз бір ұлттың тілін жақсы меңгерсеңіз, сол елдің тұрғындарынан күн сайын мақтау аласыз. Оларда өз тілін білетін адамдарды деңгейге бөліп қарайды. Ал бізде қалай? Сөздік қорымызды жаңартпай, бір ретте болсын бір сөзге синоним тауып, оны әдемі жеткізуге тырыстық па? Бұл дәстүрді өзге елдер ұстанады. Бұл мәселені бір ғасырға создырмай, адамдардың өз өмірінде дедлайн қоюы секілді, біз де осы 2023 жылға мақсат етіп қоюымыз керек.

Мәселені шешетін билік өкілдері емес,халық. Сондықтан біз қазақ тілін дамытуға бірнеше идеялар ұсынуымыз керек. Қазіргі кезде болып жатқан этно-стильді киімдер, өнімдер, оқу құралдары, мобильді қосымшаларды шығара берукерек. Қазақша контентті дамыту, тіпті жасанды интелекттің өзі қазақ этно стилінде сурет шығарады. Менің ойымша қазіргі таңда біздің тіліміздің дамуына әсер ететін – тек қазақша контент.

Көп әлеуметтік желі қолданушылардың сол арқылы тілімізге қызығушылығы оянады. Қазақша сөйлеу бұл қауіпті емес, зиян емес, өз тілімізді қолдау өз қолымызда. Тілімізден айырылсақ, мәдениетімізден де айырылуымыз әбден мүмкін. Сондықтан мемлекеттік тілдің дамуы әрбір отандасқа байланысты. Ұсыны қаперден шығармайық.

**Айзат ДАРХАН,**
**З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің 11 сынып оқушысы**

# Халық саулығы басты назарда

**Медицина саласындағы басты мақсат Қазақстан халқының денсаулығын сақтау, өскелең ұрпақтың саулығын қамтамасыз ету ісіне озық технологиялар енгізу, ауылдағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру болып табылады. Халық үшін де ең маңызды сала – денсаулық сақтау саласында біраз жетістік, ауқымды шаралар жасалды. Облыс экономикасын қарқынды дамытуда біздің аудан да шет қалып отырған жоқ. Осы бағытта халқымыздың дені сау ұлт болып өсіп-жетілуі жолындағы аудандағы ақ халатты абзал жандардың да еңбегі зор.**



Қазіргі таңда аудан көлемінде орталық аурухана, аудандық емхана, 12 амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 2 медициналық бекет халыққа қызмет етеді. «Дені сау ұлт әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жалағаш ауданының денсаулық сақтау саласында медициналық қызметті жетілдіру, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медицинамен қамтамасыз ету, профилактикалық медицинаны дамыту, аурудың алдын алу шаралары мен алғашқы медициналық көмекті жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Жалпы биылғы жылы соңғы үш айда аурушаңдық төрт мыңнан асып, өткен жылмен салыстырғанда алғаш тіркелген аурушаңдық деңгейінен жоғарылаған. Ең көп кездесетін жағдайлардың алғашқысы жүйке жүйесінің аурулары болса, екінші сүйек-бұлшықет жүйесінің аурулары, одан соң тыныс алу жүйесінің аурулары тұр.

Аурушаңдық өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда жоғарыласа, ал туу көрсеткіші керісінше биыл төмендеген. Өткен жылдың есепті кезеңінде 192 бала дүниеге келсе, биылғы жылы осы мерзімде 172 сәби жарық дүние есігін ашқан. Ал сәби өлімі өткен жылы 2-еу болса, биыл 1 жағдай тіркелген. Жалпы, өлім-жітімге келер болсақ, былтыр 46 жағдай тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 6 жағдайға азайып отыр.

Суицид бойынша биылғы жыл басынан бері өз-өзіне қол жұмсау дерегімен 6 жағдай тіркеліп, оның 5-еуі аяқталмаған. Өткен жылы суицид әрекетімен 2 жағдай тіркелген. Бұл ретте аудандық ауруханада бірнеше психолог, әлеуметтік қызметкер жұмыс істеп отыр.

Мамандар күйзелістің алдын алу тақырыбында халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын күшейтуде. Бұл жұмыстардың ішінде халық арасында өткізілген акция, семинар, тренингтер бар. Айта кету керек, өз-өзіне қол жұмсау дерегіне барған жандармен және жалпы тұрғындардың арасында ұйымдастырылатын мұндай шаралар барысында медицина мамандары тарапынан толықтай түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Адам өмірінің қаншалықты қымбат екені, кездескен сәтсіз жағдайлар мен қиындықты еңсерудің жолы – өз өмірімен қоштасумен шешілмейтінін және жасөспірімдер арасындағы суицидтің ата-аналарға қалай әсер ететіні талқыланады. Ерік-жігердің күшті болуы, кездескен қиындыққа қарсы төтеп бере алатын рухани, моральдық потенциал және ашықтық бұл етене жақын қарым қатынастан туындайды. Сондықтан да ата-аналар әсіресе жасөспірім балаларымен өте тығыз байланыста болып, ұдайы бақылап отыруы керек. Сонда томаға тұйықтықтыққа салынған балаларды қиын жағдайдан алып шығуға мүмкіндік тумақ. Бұл да психолог мамандардың халыққа айтар кеңестерінің бірі.

Жалпы аталған саланы дамыту, аудандағы медицинаның сапасын арттыру бағытында алға қойылған мақсатты жұмыстар да жоқ емес. Мәселен, ана мен бала және ұрпақты болу жасындағы әйелдердің денсаулығын қорғау жұмысын жандандыру, ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында енгізілген «Эффективті перинаталды технологиясы» және БШАЫЕ бағдарламалары әрі қарай жалғастыру, пилоттық патронаждық қызметтің жұмысын жандандыру, сәби өлімін болдырмау және алдын алуға бағытталған қысқа мерзімді жоспармен жұмыс жасау, емдеу-диагностикалық жұмыстарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында аудан бойынша медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру және мастер-класс тәжірибесін тиімді пайдалану, емдеу және алдын алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, аурудың алдын алу шараларын жүргізу, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау жұмыстарын жалғастыру, цифрлы Қазақстан бағытында мекеме жұмысын толығымен біріктірілген ақпараттандыру жүйесіне енгізу арқылы қағазсыз мекеме принципімен жұмыс жасауды жандандыру және МӘМС жүйесі бойынша халықты ақпараттандыру жұмыстарын жандандыру жұмыстары жолға қойылмақ.

Иә, медицинасы дамыған елдің болашағы жарқын болмақ. Өйткені медицина дамыса, елдің денсаулығы жақсарады, осылайша қоғам дамиды. Дамыған елдердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына енуді мақсат тұтқан еліміз соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде жыл сайын салада өзгерістер орын алып, тіпті шалғай аудандардағы емханаларға заманауи аппараттар үлестірілуде. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің денсаулығымызды бақылайтын ақ халатты абзал жандардың қоғам алдындағы еңбегі еселі.

**Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**



# Антына адал абзал жан

**Тұрғындардың тәулік бойы денсаулығын күзетуде медбикелердің де қажырлы еңбек етіп жатқанын жақсы білеміз. Антына адал абзал жандар әсіресе жұмыста жауапкершілік пен табандылықты ұдайы назарда ұстауы тиіс. Себебі алдына барған науқастың денсаулығы солардың қолында десек, артық айтқанымыз болмас. Кейіпкеріміз, денсаулық сақтау саласында 15 жылға жуық тәжірибесі бар Мөлдір Досова әр жұмыс күні осындай мақсат-міндеттерді ой елегінен өткізеді, бойындағы жауапкершілігін еселейді. Біз оның салада жеткен жетістігін, жиған тәжірибесін осындай нақты мақсатпен антына адал болуымен байланыстырдық.**

«Фельдшер» мамандығын меңгерген медбике аудандық емханадағы алғашқы еңбек жолын зертханашы болып бастаған. Осылайша зертхана бөлімінде бес жыл табанды жұмыс жасайды. Яғни әріптестерімен бірге науқастардан алынған анализдерге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бойындағы дертті анықтайды. Антына адал абзал жанға кейін басшылық құрам аймақтық медбике жұмысын жүктейді. Оның бүгінде бұл қызметті атқарып жатқанына да 10 жылға жуықтаған.

Қазіргі таңда Мөлдір Махмұтқызы мен оның әріптестері Сәния Назарова және Гүлсінай Амантай – аудандағы №1 аймаққа жауапты медбике. Тоғыз көшедегі тұрғындардың тәулік бойы денсаулығын күзеткен абзал жандардың әрқайсысының өзіне жүктелген функциясы бар. Мәселен, Гүлсінай Амантай аталған аумақтағы балалардың, ал Сәния Назарова егде жастағы қариялардың денсаулығына жауапты. Ең күрделі жұмыс бүгінгі біздің кейіпкеріміздің мойнында. Яғни ол дәл осы аумақтағы жүкті әйелдердің денсаулығын күзетеді. Ана мен бала қауіпсіздігін саладағы қабілет-қарымы мол маманға басшылық құрамның жүктеуі де тегін емес шығар, сірә.

Мөлдір Досова аудандық емханада науқастармен күнделікті 6 сағат қабылдау өткізеді. Яғни күн сайын 20-25 адам қабылдап, дерттің алдын алуда біршама жұмысын пысықтап алады. Егер жүкті әйелдердің бойынан ауру анықталған жағдайда босануға дейін науқасты дертінен айықтыруға жұмыс жасайды.

– Үш аймақтық медбике өзімізге бөлінген аумақ халқының денсаулығына жауаптымыз. Біздің аймақта барлығы 1600 халық бар. Оның 500-ге жуығы бала болса, 18 жасқа дейінгі 300-ге жуық жасөспірім бар. Негізгі міндетіміз бір болғанымен функциямызда сәл өзгешелік болады. Әріптестерімнің бірі сол аумақтағы балалардың, енді бірі егде жастағы аға-апалардың денсаулығына жауапты болса, менің міндетім – жүкті әйелдердің босануға дейінгі және босанудан кейінгі денсаулығын күзету. Аймакқтық медбике болып жұмыс жасап жатқаныма 8 жылдан асты. Өзіме берілген аймақта жылына 30-35 келіншек босанады. Оларда көбіне бүйрек, қаназдық, асқазан жолы аурулары кездесіп жатады. Біз осындай дерт түрлерінің алдын алып, олардың денсаулығының төмендеуіне жол бермейміз. Бір сөзбен айтқанда босануға дейін де, босанудан кейін де нәзікжандылардың денсаулығын бақылау – менің негізгі міндетім, – дейді аймақтық медбике.

Кейіпкеріміздің антына адал екені көрініп-ақ тұр, жұмысына жауапты, мақсаты айқын, әрбір күнін нақты жоспарға арнайды. Әлбетте оның бәрі де жергілікті халықтың денсаулығын жақсартуға негізделген. Елдің алғысын бәрінен жоғары қоятын адамның жұмысы да осындай болса керек. 15 жылға жуық уақытта қаншама науқасты дертінен айықтырды, қаншама ананың сәбиін сау босануына қолғабыс болды, қаншама баланың аман-есен жарық дүниені көруіне себепші болды.

Міне, осы жолда ұзақ жылдар еткен еңбек те еш кетпеді. Бірнеше рет марапат төрінен көрінген кейіпкеріміздің жетістігін жазып тауысу да қиын шығар. Бірақ ол жеткен жетістікке тоқмейілсіген емес. Керісінше бастапқыда науқастар бойындағы кеселмен күрессе, бүгінде дерттің алдын алуға басымдық береді. Бұл қос тарап үшін де тиімді, әрине.

– Біздің жұмысты өздеріңіз де жақсы білесіздер. «Адамның өмірі» деген сөз тұрғанда жауапкершілік міндетті түрде талап етілетіні айтпаса да түсінікті. Уақытпен санасу деген бізде мүлде болмайды. Антымызға адал болуымыз үшін осылай жұмыс жасауға тура келеді. Халықтың алғысы бізге шабыт береді. Мен үшін елдің алғысы бәрінен жоғары, – дейді Мөлдір Досова.

Иә, елдің алғысын бірінші орынға қоятын адамның оның қажетіне жарауда қарап қалмайтыны анық. Бұл сөзімізге жалағаштықтардың денсаулығына саналы ғұмырын арнаған абзал жанның өмір жолы дәлел.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**



# Аялы алақан иесі – Айжанат

**Аудандық емханаға барғанымызда осындағы аймақтық мейірбике Айжанат Жазкеннің денсаулық сақтау саласындағы жұмысымен танысуды жөн көрдік. Өйткені Айжанаттың осыған дейін де бірнеше рет алдына келген әрбір науқастың жанына үңіле алатын мейірімділігіне ерекше ықыласымыз ауған. Бұл жолы да кейіпкеріміздің жұмыс кестесі тығыз екен. Дегенмен арасында қолы қалт еткенде әңгімелесіп, ой бөліскеніміз бар. Сонда «Біз үшін уақытпен санасу деген жоқ, біз үшін тек – халықтың саулығы маңызды» деген еді ақ халатты абзал жан.**

Жалпы, денсаулық – адам үшін баға жетпес байлық. Адам баласы басы ауырып, балтыры сыздағанда, дертіне дауа іздегенде баратыны – медицина қызметкерлері. Дертке дауа, емге шипа бере алатын тек осы ақ халатты абзал жандар ғана. Олардың көмегімен ауруымыздан айығып, ертеңімізге үмітпен қараймыз. Алдына барған әр науқасқа ерекше мейіріммен қарап, жылы сөзімен көңіліңді көтеріп, өмірге деген құлшынысыңды арттыратын да осы асыл маман иелері.

Жыл сайын мамыр айының 12 жұлдызында халықаралық мейірбикелер күні аталып өтеді. Бұл күні көпшілік ақ халатты абзал жандарға құрмет көрсетіп, олардың еселі еңбектеріне алғыс білдіреді. Тақырыпқа ойыспас бұрын осы атаулы күннің тарихына көз жүгіртсек.

Дәл осы күні Англия елінің азаматшасы, мейірбике Флоренс Найтингейл дүниеге келген. Ол Қырым соғысы кезінде мейірбикелерді жинап дүниежүзілік қайырымдылық қызметін ашқан. Яғни, соғыс кезінде жараланған азаматтарға алғашқы дәрігерлік қызмет көрсетіп, ем-дом шараларын жасаған. Сол кезеңде мейірбикелер тәулік бойы оққа ұшқан жауынгерлерді емдеп, жанын өлімнен арашалап отырған. Осындай қиын кездегі игі жұмыстары үшін көптің ризашылығына бөленіп, алғысын алған. 1971 жылы дүниежүзілік мейірбикелер кеңесінің ұйғарымымен 12 мамыр ресми түрде мейірбикелер күні болып бекітілді. Халықаралық мейірбикелер кеңесі бұл мерекені Флоренс Найтингейлдің туған күнімен ұштастыра отырып, тұңғыш мейірбикелер ісінің негізін салушы даңқты әйелдің атын есте қалдыруды мақсат тұтты. Міне, бұл күн сол жылдардан бастап дәстүрлі түрде аталып өтіледі.

Тірі жанның тіршілігіне араша түсіп, жанына шипа болатын асыл мамандық иесі – Айжанат та адам жанының арашасысы болуды басты мақсатым деп біледі. Айжанат орта мектепті бітірген соң, Қызылорда облысы жоғарғы медициналық колледжінде білім алып, мамандық иесі атанады. Алғашқы еңбек жолын осында аймақтық мейірбике болып бастаған ол әлі күнге дейін қызметін үздіксіз абыроймен атқарып, көптің алғысына бөленіп келеді.

– Мейірбике ісі – білім мен жан-жақтылықты талап ететін, күтім процесіне жауапты, мейірімділік көрсете білетін ерекше қызмет. Бүгінгі қоғамның мейірбикесі тек дәрігердің көмекшісі ғана емес, ол ойшыл, үнемі ізденіс үстінде жүретін, адам өмірі үшін дер кезінде дұрыс шешім қабылдай алатын маман. Сондықтан бұл қызметті арқалап жүру үлкен жауапкершілік жүктейді. Қиындығы да, қызығы да қатар жүреді. Мен өзім жауапты аймақтағы туу жасындағы әйелдер және жүкті келіншектермен жұмыс істеймін. Күн-түн демейміз, кейде мереке күндері де жүкті келіншектерді қадағалап отырамыз. Үнемі байланыста болып, аман-есендігін біліп, дүниеге дені сау сәби әкелуіне тілеулес боламыз. Ең бастысы да осы ғой, ана мен баланың саулығы, қауіпсіздігі, амандығы. Дүниеге дені сау ұрпақ келіп жатса, ауданның демократиясына үлес қосып жүрген аналар қауымына қалай қызмет етсек те жарасады деп есептеймін, – деген медбике осынша жыл ішінде алдыңғы буын аға-әпкелерімнің қызмет жолынан тәжірибе жинағанын да жасырмады. Сол білім мен білігін жұмыс барысында пайдалана отырып, көпшіліктің алғысына да бөленіп жүр.

Өзінің еңбек жолын абыройлы, тиянақты алып жүрген білікті маман бүгінде отбасында да аяулы жар, үш баланың анасы. Отбасы мен жауапкершілік жүгі ауыр жұмысын қоса абыроймен алып жүрген жас маман халықтың алғысымен өсе беретініне сенеміз.

Біздің ең қымбат байлығымыз – өміріміз осы сала қызметкерлерінің кәсібиліктеріне байланысты. Сондықтан да бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ал денсаулық сақтау саласында жылдар бойы тапжылмай тер төгіп, еңбегімен елдің ыстық ықыласына бөленген әрбір ақ халаттының жүріп өткен жолы көпке үлгі деуге болады. Ал біз әңгімеге арқау еткен тіршілікке нәр беріп, қалтқысыз қызметін ұсынып, мейірімділік пен жылылықты жанына серік еткен, игілікті мамандық иесі Айжанат Ғабитқызының ем-домы еңбек жолында әлі талай жанның дертіне шипа болары анық.

**Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 753

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ